



АСТАНА АКШАМЫ

АҚМОЛА-АСТАНАНЫң АБЫЗЫНДАЙ ЕДІ



Дауылпаз ақын Қасым Аманжолов «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» дегендейін, «Обаганның бойынан оза шауып, Қызылжардың құшағына кірген, қос қанаты – Ғабең мен Сәбең дем беріп, Ақмола-Астанада қырандай самғаған» (Серік Тұрғынбекұлы) қаламы жүйрік қаламгер, Қазақстанның еңбек сінірген қайраткері Нұрғожа Ораздың сонында қалған көп жазбаларынан: «Өз ішіме өзім үнілсем, бір кең дүниеге енгендей әсерде боламын. Оның шырқау биік аспаны бар, мұхит терендігіндей түбі толған ғажайып маржандар тәрізді баға жетпес байлығы бар. Эрине, ең қыны – шырқау биікке көтерілгенде табысқа бас айналмаса екен. Ал терендегі асылдарды рет-ретімен ала білу, сол алғаныңды халық қызығарлық көркемдікпен көмкеріп бере білу сияқты жауапкершілігі мол міндеп тұрады. Творчество адамына ең қыны да сол» деген жолдарды ұшыраттық.

АЛАШ УШИН ЖАҢҒЫРТҚАН ҚАЛАМГЕР

Нұрғожа Нарынбайұлы әдебиет айдынына құлаш ұрған уақыттан «дерптен тең өнердің» қаламгер атаулыға артар жүгінің ауырлығын сезіне біліп, өзі айтқандай, қазынаға толы қеудесінен сөз маржанын теріп, шашауын шығармай, халқына ұсына алды. Алпыс жылға жуық шығармашылық ғұмырында елуден астам кітап жазып, артына мол мұра қалдырды. Соның ішінде поэзия мен проза және публицистика жанрларында жемісті еңбек етті. Қаламдастары оның таланттың қапысыз мойындады. Мәселен, қылышылдан тұрған қырық жасында «Тың ырғактары» атты таңдамалы өлеңдер мен поэмалар жинағын шығарғанда, кітаптың алғысөзін жазған ақын ағасы, Қазақстанның халық жазушысы Гафу Қайырбеков: «Нұрғожа творчествосынан ең алдымен көретінім – оның творчестволық бағытының адастырмайтын ақындығы, сандаған тақырыптың біртұтастығы, саралылығы. Олардан бұл ақынның нені жырлап келгендейі, айналасы, ортасы,

географиялық мекені, олардағы адамдар көз алдыңа келеді...» деген баға берді.

Тәуелсіздік жылдары дүниеге келіп, қазақ жерін отарлау саясатының аңы шындығын әшкерелеген «Қаракүйік» романы жайлышты академик Тұрсынбек Кәкішев: «Романдағы негізгі оқиға – туған жер үшін құрес. Сондықтан кіндік қаны тамған жер, үрпақ өсіріп, өмірдің алға басуына арқау болған жер, тіршілігінің тынысы саналған жер үшін тайталас қазақ қана емес, өзге халық оқырмандарын да бейжай қалдырmasа керек» деген тұжырымын айта келе, шығарма жайлышты ойын: «Автор тілі жатық, бейнелі сөздерге бай. Адамдардың портретін бергенде де, мінез-құлқын даралағанда да, тіл ерекшелігінің аражігін анықтауда да шеберлік танытады... Романның композициялық құрылышы шымыр, оқырманың бір сәтке де босатпай жинақы ұстайды. Көркем әдебиеттің ең басты міндеті оқырманың сендіріп, өмір шындығына құдіктің көлеңкесін түсірмеу ғой. Бұл тұрғыдан келгенде Н.Ораз бұрын да талай повестердің авторы болып, жұртшылықтың ризалығына кенеліп келе жатқанын осы жолы мықтап танытты» деп түйіндейді.

Жалпы, егемен ел атанғанымыздан кейін өз-өзімізді тануға, бұған дейін жабық күйінде жатқан тарихымыздың беттерін параптасуға жол ашылды. Бұл іске Нұрғожа Ораз да құлшына кірісті. XX ғасырдың басында Алаштың үніндегі болған «Сарыарқа» журналын жаңғыртқандай болып, кейіннен «Жана Сарыарқа» атауын алған бұл басылым арқылы халқымыздың арғыбергі тарихына қатысты өзекті мәселелерді қозғады. Нәтижесінде «Талқандалған тарихат» атты кітап жазып, тарихта бұрманланған бірқатар деректерді қалпына келтіріп, жете зерттелмеген мәселелерге жіті үңілді. Бұл еңбек жөнінде кезінде академик Кеңес Нұрпейіс жылы пікірін білдірді. «Жігітке жеті өнер де аз» деп жатамыз. Нұрғожа Нарынбайұлы сөз өнерімен қатар әсем саз әлеміне жақын болды. «Шын мәнісінде өнердің алуан түрі адамға балалық бал дәуренінде туған жерінің, өскен ортасының әсерінен дариды. Жігіт шағында сол өнер одан әрі дамиды. Оқумен білім жинауға болар. Ал өнер адамға тұа бітеді де, сол туған жерінің табиғатымен бойына бекиді...» деп өзі жазғандай, Арқаның бай әншілік дәстүріне бала кезінен бойлады. Жан жүргегіңе сіңіре келе, Ақанның, Біржанның, олардан өзге де Сарыарқаның сары белін думанға бөлекеген сал-серілердің әндерін тамылжыта салатын.

ТҰЛПАРДЫ ТҰЯҒЫНАН ТАНИТЬИН

Студент күнінде университеттегі Серке Қожамқұлов, Асқар Тоқпанов сынды сахна саңлақтары жетекшілік еткен драма үйірмесіне қатыса жүріп, Үбырай мен Шоқанның, ұлы Абайдың бейнелерін сомдады. Содан қалған дағды болуы керек, кейіннен Абайдың ариясын шырқағанда, анау-мынау әншінің өзі жолда қалатын. Ұйымдастырушылық қабілетін де сол кезде байқатты. Студенттік жылдардың қызығын бірге кешкен досы, қазақтың

аймандақ ақыны Тұмандай Молдағалиевтің алғашқы өлеңдерін университеттің әдебиет үйірмесінің талқысына шығаруға жәрдемдесті. Қазақстан Жазушылар одағының бес облысты қамтитын облысаралық бөлімшесін отыз жылдай басқарғанда да талай тұлпарды тұяғынан танып, әдебиет айдынынан көрінуіне жол ашты. Еңбек жолын жаңа бастап, Жаңажол орта мектебіне қазақ тілі мен әдебиеті пәннің мұғалімі болып келгенде, адамды бір керек іске жұмылдыра білетін қасиетінің улкен пайдасы тиді. Мектепте вокал, драма үйірмелерін ұйымдастырып, жоғары сынып оқушыларын үйіріп әкетті. Сол кезде 10-сынып оқушысы Айман Қожахметова кезекті қойылымда Әсел деген кейіпкердің рөлін сомдайды. Құләштің таланттын Қаныбек танығандай, ұстаз да бұл қыздың бойында булығып жатқан өнерді байқайды. Кейіннен сүйген жарына айналған бұл аруға: «Ең алғаш менің көзімे әдемілігің мен бойыңның сұнғақтығы емес, ойың мен сезіміңнің терендігі тұсті. Әсел бейнесі мені тәнті етіп еді» деген ішкі сырын жеткізді.

МӘҢГІЛІК МАХАББАТЫ

Нұрғожа Ораз Айман апайды сол кезден бастап өмір бойы жырлап өтті. Екеуі 58 жыл тату-тәтті өмір сүріп, ұрпақ өрбітті. Қаламгер жарына арнап үш кітап шығарды. Шаңырақ құрғандарына қырық жыл толғанда «Мәңгілік махаббатым», елу жылдық мерейтойларына «Алтын той», ал өмірлік қосағы жетпіс жасқа келгенде «Аққұым бар көлімде» атты кітаптарын арнады. Айман апайдың қолынан талай жақсы мен жайсандар дәм татты. Көрнекті ақын Еслем Зікібаев қаламгер ағасының мерейтойына арнаған өлеңін: Қалған бір асыл ұлсың атадан да, Жетпіс жас желіп өтсін, ас одан да. Бірге кел сексенге де Айман қызбен, Ешқашан қайта үйленбे, тоқал алма, – деп әзіл-шының араластырып түйіндеуінде де улкен мән бар деп ойлаймыз. Інісінің сол тілегі қабыл болып, Нұрғожа Нарымбайұлы сексеннің сенгірін де көрді. Әбділда Тәжібаев Арқаға келгенде, белгілі ақынға Иманжұсіп бүркітін ұшырған тауды көрсеткен еді. Сөзіміздің басында біз келтірген Қасым Аманжоловтың жылы кезінде Әбділда ақын «Жыл толды үлкен жүрек тоқтағалы» деген сағынышқа толы мақала жазған. Нұрғожа Ораз туралы да қазір біз осы сөзді айтуға мәжбүрміз. Қаламгер Астана жұртына ғана емес, алты Алашқа қадірлі тұлға болатын. Кеңестік кезеңде Ақмола жерінде қазақтың іісінің шығып тұруына, дәстүр-салттың бұзылмауына қаламымен де, атқарған ісімен де зор еңбек сінірді. Арқа төсіне астана орнағанын алғаш естігенде, Керекудің «Мойылды» шипажайында демалып жатса да, қой сойып, барша жұртты жинауы ұлтын жан-тәнімен сүйетін, еліне, жеріне шын тілекtes азаматтың ісі деп білеміз. Ал Астананың кілтін қасындағы ақсақалдармен бірге Елбасына тапсыруы Тәуелсіз Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылды. Қаламdas інісі Жылқыбай Жағыпарұлының «Ақмоланың абызындей болған Нұрекенің ұлғі тұтар өнегелері өрісті еді» дейтіні содан. Бұған біз де қосыламыз.